

Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 қыркүйекте № 15725 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағының 26-13) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бастапқы әскери дайындық қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментіне Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдауын;
 - 2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауын;
 - 3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын;
 - 4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне ұсынуын қамтамасыз етсін.
3. "Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 606 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10569 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.
5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі генерал-полковник

С. Жасұзақов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

2017 жылғы " " "

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

Е. Біртанов

2017 жылғы " " "

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

2017 жылғы " " "

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 12 шілдедегі
№ 347 бұйрығымен
бекітілген

Бастапқы әскери дайындық қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.11.2025 № 1540 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бастапқы әскери дайындық қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақша 01.09.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Қорғаныс министрінің 04.11.2025 № 1540 (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

2) БӘД-ны ұйымдастырушы педагог (бұдан әрі – БӘД педагогі) – орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін педагог қызметкері ;

3) біліктілікті арттыру – оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімін, шеберлігін, дағдысы мен қабілетін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

3. БӘД:

1) теориялық және практикалық даярлықты;

2) далалық (лагерьлік) оқу-жаттығу сабағын (бұдан әрі – ДОС) өткізу;

3) БӘД бойынша (аудандық (облыстық маңызы бар қала), облыстық масштабта, республикалық маңызы бар қала және астана масштабында) жарыс өткізуді қамтиды.

4. БӘД-ны жергілікті атқарушы органмен бірлесіп, білім саласындағы уәкілетті орган ұйымдастырады және ол керек-жарақ пен меншік нысанына қарамастан, қорғаныс, денсаулық сақтау, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес білім беру ұйымында жүзеге асырылады.

5. БӘД-ның негізгі мақсаты әскери істегі базалық дағдыны меңгеру, күштік төзімділікті, моральдық-психологиялық тұрақтылықты және әскери борышты өтеуге әзірлікті дамыту, сондай-ақ білім алушылардың патриоттық сана-сезімін ояту болып табылады.

БӘД-ның негізгі міндеттері:

1) білім алушыларда Отан алдындағы жоғары жауапкершілікті, мемлекеттік рәміздерге, армия мен әскери қызметке құрмет көрсете білуді қалыптастыру, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу;

2) әскери қызметке дайындау, әскери іс, саптық, оқ ату, тактикалық, әскери-медициналық даярлық негіздерін зерделеу;

3) стресске, төзімділікке, ұйымшылдыққа, тәртіпке және ұжымшылдыққа ықпал ететін күштік және психологиялық қасиетті дамыту;

4) жастардың әскери қызметке деген қызығушылығын және олардың даярлықтың практикалық-бағдарлау нысандары арқылы әскери кәсіп негіздерін меңгеруін дамыту болып табылады.

6. БӘД-ны БӘД педагогі ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, жалпы орта білімнің жалпы білім беру оқу бағдарламасын, техникалық және кәсіптік білім, білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – білім беру ұйымы) негізгі орта білім (арнаулыдан басқа) базасында әскерге шақыру жасына дейінгі білім алушылармен өткізеді.

2-тарау. Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

7. БӘД Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес ұйымдастырылады.

8. БӘД-ның негізгі нысаны теориялық және практикалық сабақ, сондай-ақ ДОС өткізу болып табылады.

9. БӘД бойынша сабақ оқу кезінде өткізіледі және негізгі сабақ кестесіне енгізіледі. БӘД бойынша 8-10 оқушыдан 2-3 бөлімшеден тұратын сыныптар (оқу тобы) базасында құрылатын оқу взводтары құрамында өткізіледі. Взвод пен бөлімше командирлері БӘД педагогінің ұсынысы бойынша білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен тағайындалады.

10. БӘД бойынша оқу процесін ұйымдастыру:

- 1) сыныптар мен оқу тобын құруды;
- 2) кесте және күнтізбелік-тақырыптық жоспар құруды;
- 3) оқу және материалдық-техникалық базаны қамтамасыз етуді;
- 4) БӘД педагогін бекітуді;
- 5) білімді, шеберлік пен дағдыны ағымдағы және қорытынды бақылауды;
- 6) құжаттаманы (журнал, ведомос, есеп) жүргізуді қамтиды.

11. БӘД бойынша сабақ оқу бағдарламасына сәйкес аптасына кемінде 1 рет өткізіледі.

12. Орта білім беру ұйымында БӘД-ге 64 оқу сағаты бөлінеді, оның ішінде ДОС-қа 10-сыныпқа кемінде 30 сағат, 11-сыныпқа кемінде 32 оқу сағаты бөлінуге тиіс.

13. Техникалық және кәсіптік білімнің білім бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу сағатының саны жұмыс істейтін оқу бағдарламасына сәйкес кемінде 136 оқу сағаты, оның ішінде ДОС-қа кемінде 30 сағат айқындалады.

14. БӘД бойынша сабақ ұлдарға арналған ДОС-пен қатар білім беру ұйымының медицина қызметкерінің басшылығымен қыздар үшін бөлек өткізілетін "Медициналық білім негіздері" деген бөлім бойынша практикалық сабақты қоспағанда, қыздармен және ұлдармен бірге өткізіледі.

15. Білім беру ұйымы оқу жылына арнап БӘД бойынша білімді бекітетін қосымша іс-шараларды қамтитын әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді.

16. Әскери-патриоттық жұмыс жоспарына БӘД шеңберіндегі: әскери іс бағыттары (құрлық әскері, әуе қорғанысы күштері, әскери-теңіз күштері және т.б.) бойынша шақырылған әскери қызметшілердің дәрістері, әскери жанжалдар мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері (бұдан әрі – ҚР ҚК) ардагерлерімен кездесулер, әскери бөлімдерге экскурсиялар, әскерге дейінгі даярлық үйірмесіне, әскери-патриоттық клубқа, жарысқа, байқауға қатысу және т.б. сияқты қосымша іс-шаралар енгізіледі.

17. Білім беру ұйымдарында БӘД өткізу үшін саптық даярлыққа арналған алаңға тиісті белгі қойылады, оқу сыныбы жабдықталады, сондай-ақ білім алушыларда армия

мен қоғам, сондай-ақ патриоттық, азаматтық тәрбие және әскери қызметті құрметтеу үшін қажетті білім мен дағдыны қалыптастыруға бағытталған плакаттан, стендтен және басқа да құралдардан тұратын көрнекі үгіт-насихат ресімделеді.

18. Алаңға белгі Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары саптық жарғысының талаптарына сәйкес қойылады.

БӘД сыныбының көрнекі үгіт-насихаты осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жабдықталады.

19. Білім алушылардың білімін бағалау балдық-рейтингтік жүйе бойынша жүзеге асырылады. Қорытынды баға білім алушының (денсаулық жағдайы бойынша сабақтан босатылған адамды қоспағанда) оқу бағдарламасы бойынша алған жылдық (курстық) бағасы негізінде білім беру ұйымын бітіргені туралы құжатқа қойылады.

20. БӘД педагогі сабақ ұйымдастыру үшін білім беру ұйымының басшысы бекіткен сабақ өткізу, оның ішінде сабақтан тыс уақытта өткізілетін іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ жеке жоспарын басшылыққа алады.

21. БӘД сабағында білім алушының сыртқы келбеті байсалдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін белгіленген киім нысанына сәйкес келеді (таза, ұқыпты, үтіктелген киім).

Бозбалалар үшін: қара (қою көк) түсті шалбар, жусан түсті сұр әскери үлгідегі ұзын жеңді жейде, қара түсті галстук, галстукқа арналған қыстырғыш. Классикалық стильдегі қара түсті жабық аяқ киім. Қысқа немесе ұқыпты таралған шаш.

Қыздар үшін: қара (қою көк түсті) белдемше (шалбар), жусан түсті сұр әскери үлгідегі ұзын жеңді жейде, қара түсті галстук, галстукқа арналған қыстырғыш. Классикалық стильдегі, қара түсті жабық аяқ киім. Сабақта кедергі келтірмеуі үшін жиналған шаш (артқа жиналған, бұрым, шоқ байлам).

Сабақтағы күштік жүктеме кезінде үлкен әшекейлер тақпау ұсынылады.

Білім беру ұйымы басшысының шешімі бойынша далалық киім үлгісін киюге, оның ішінде ДОС өткізу кезінде рұқсат етіледі.

22. БӘД педагогіне осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен әскери киім нысанының жекелеген заттарын киіп жүру және айырым белгілерін тағып жүру ерекшеліктерімен әскери киім нысанын киіп жүруге рұқсат етіледі.

23. БӘД педагогі әскери киімі нысанының шевроны осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тағылады. БӘД педагогі әскери киімі нысанының кеудеге тағатын белгілері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тағылады.

24. БӘД-ны ұйымдастыру мен өткізу білім беру ұйымының басшысы мен БӘД педагогіне жүктеледі.

25. Жергілікті әскери басқару органы (бұдан әрі – ЖӘБО) әскерге шақыру жасына дейінгі жастарды даярлау мәселесі бойынша өзара іс-қимыл шеңберінде БӘД өткізу сапасын арттыру мәселесінде білім беру ұйымына көмек көрсетеді.

26. БӘД-ны үйлестіруді:

- 1) республикалық деңгейде – қорғаныс пен білім беру саласындағы уәкілетті орган;
- 2) жергілікті деңгейде – жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) және ЖӘБО жүзеге асырады.

27. Қорғаныс саласындағы уәкілетті орган:

- 1) білім беру саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасап, БӘД-ның ұйымдастырылуын үйлестіреді;
- 2) БӘД бойынша оқу-әдістемелік материалдар, оқулықтар мен аудиовизуалды құралдар әзірлеуге көмек көрсетеді;
- 3) БӘД-ны оқыту сапасын мониторингтеу мен талдауды жүзеге асырады.

28. Білім саласындағы уәкілетті орган:

- 1) БӘД өткізуді және білім алушыларға әскери-патриоттық тәрбие беруді үйлестіруді және қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 2) БӘД бойынша оқу бағдарламасын әзірлеуді, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, аудио-бейне фильмдер шығаруды жүзеге асырады;
- 3) БӘД өткізу және білім алушыларға әскери-патриоттық тәрбие берудің оң тәжірибесін зерделейді, қорытындылайды және таратады.

29. ЖАО білім басқармасы (бөлімі):

- 1) БӘД-ның оқу-материалдық базасын қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 2) БӘД бойынша сабақ ұйымдастыру мен өткізу сапасын бақылайды;
- 3) БӘД бойынша жарыс өткізуді ұйымдастырады;
- 4) БӘД бойынша есептілікті жүргізеді.

30. Білім беру ұйымының басшысы:

- 1) БӘД өткізуді, сондай-ақ білім алушыларға әскери-патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыруға және оның сапасына жауап береді;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес БӘД педагогі лауазымына кандидаттар іріктеуді жүзеге асырады және тағайындайды;
- 3) БӘД педагогтерін біліктілігін арттыруға жібереді;
- 4) оқу процесін уақтылы жоспарлау мен ұйымдастыруды, БӘД бағдарламасының толық және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді;
- 5) БӘД-ның практикалық сабағын, оның ішінде әскери даярлық бойынша интерактивті сабақ жинақталымы бар үш өлшемді симуляторды қолданып өткізу үшін үй-жай, алаң мен орын бөледі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен

және жиһазбен жарақтандыру нормаларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7574 болып тіркелген) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес оқу-материалдық базаны ұдайы жетілдіруге шара қабылдайды;

6) БӘД педагогіне оқу-әдістемелік көмек көрсетеді, қосымша білімнің білім бағдарламасы бойынша әскерге дейінгі даярлықты ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді;

7) ЖӘБО-ға және бағыныстылығы бойынша білім басқармасына БӘД-ның, сондай-ақ әскери-патриоттық жұмыстың жай-күйі туралы есеп береді;

8) БӘД бойынша жарыс ұйымдастыруға және өткізуге қатысады.

31. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) адам өмірінің қауіпсіздігі негіздерін оқытуды үйлестіруді жүзеге асырады;

2) өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша бағдарлама бөлімін келіседі.

32. ЖӘБО:

1) БӘД өтіп жатқан әскерге шақыру жасына дейінгілердің саны бойынша есептілік жүргізеді;

2) оқу жылы басталар алдында үш күндік оқу-әдістемелік жиын ұйымдастырады және өткізеді;

3) БӘД бойынша сабақ өткізуде білім беру ұйымына көмек көрсетеді;

4) ДОС, БӘД бойынша жарыс ұйымдастыру мен өткізуде көмек көрсетеді;

5) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорғаныс саласындағы уәкілетті орган мен ЖАО-ны білім беру ұйымындағы БӘД пен әскери-патриоттық тәрбиенің жай-күйі туралы хабардар етеді;

6) білім беру ұйымындағы БӘД сапасын мониторингтеу мен талдауға қатысады.

33. Гарнизон бастығы ЖӘБО-мен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ) әскери бөлімдеріне, әскери оқу орындарына, жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының әскери кафедраларына (әскери факультеттеріне) БӘД-ны, білім алушылармен әскери-патриоттық және тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен жүргізуде көмек көрсету үшін білім беру ұйымдарын бекітіп береді.

34. Әскери бөлім командирі, әскери оқу орнының, жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымы әскери кафедрасының (әскери факультетінің) бастығы:

1) БӘД өткізу, сондай-ақ білім алушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша білім беру ұйымына көмек көрсетеді;

2) ЖЭБО-ға БӘД педагогтерімен үш күндік оқу-әдістемелік жиын өткізуде, сондай-ақ БӘД бойынша жарыс пен әскери-патриоттық іс-шаралар өткізуде көмек көрсетеді.

35. БӘД педагогі:

1) оқыту уақытында БӘД бойынша сабақты ұйымдастырады және өткізеді, факультативті түрде (сабақтан тыс уақытта) қосымша білімнің білім беру бағдарламасы бойынша әскерге шақыруға дейінгі даярлыққа басшылық жасайды;

2) сабақ өткізу кезінде белгіленген қағидалар мен қауіпсіздік шараларының қатаң сақталуына жауап береді;

3) кемінде үш жылда бір рет біліктілікті арттырудан өтеді;

4) білім беру ұйымының педагогикалық ұжымымен бірлесіп, білім алушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысын жүргізеді;

5) ЖЭБО-ға ҚР ҚМ әскери оқу орнына түсу үшін бозбалаларды іріктеу бойынша көмек көрсетеді;

6) білім алушыларды БӘД бойынша жарысқа қатысуға дайындайды, БӘД бойынша жарыс ұйымдастыруға және өткізуге қатысады.

36. ДОС БӘД курсының міндетті бөлігі болып табылады және ұзақтығы 5 күн болатын (немесе келісілген кесте бойынша бөлінген 30 оқу сағаты) лагерьлік жиын түрінде өткізіледі.

37. ДОС-ты ұйымдастыру мен өткізуді ЖЭБО-мен, азаматтық қорғау аумақтық органымен, білімді басқару органымен және білім беру ұйымдарымен бірлесіп, ЖАО жүзеге асырады.

38. ЖАО:

1) ДОС өткізу үшін жағдай жасайды;

2) ДОС өткізу үшін қажетті оқу-материалдық базаны береді;

3) білім алушылар мен БӘД педагогін ДОС өткізілетін жерге және одан кері тасымалдауды ұйымдастырады;

4) медициналық пункт пен медицина қызметкерінің бар болуын қоса алғанда, медициналық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

5) білім алушыларды орналастыру мен тамақтандыруды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

6) білім алушылардың ата-аналарымен өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастырады;

7) ЖЭБО-мен өзара іс-қимыл жасауды үйлестіреді.

39. ЖЭБО:

1) ДОС өткізу уақытын айқындайды;

2) білім алушыларды орналастыру мен тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесін әскери бөлім командирімен келіседі;

3) қажет болса сабақ өткізу үшін әскери қызметшілерді тартады.

40. Білім беру ұйымы ДОС-қа тартылатын білім алушылардың тізімін жасайды.

41. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган:

- 1) өз құзыреті шегінде ДОС өткізілетін жерді тексереді;
- 2) ДОС өткізу кезінде қауіпсіздік шараларының қамтамасыз етілуін бақылайды.

42. ДОС:

- 1) лагерьлік жиын өрістетуді (шатырлар мен шатырлы қалашық үшін жағдай болса);
- 2) кедергілердің тактикалық жолағынан өтуді;
- 3) әскери-қолданбалы бағыттағы нормативтерді, қоян-қолтық ұрыс элементтерін орындауды;
- 4) бөлімшенің саптық даярлық және жүріп-тұру нормативтерін орындауын;
- 5) сақшының міндеттерін орындау бойынша практикалық іс-қимылды;
- 6) пневматикалық қарудан немесе лазерлік тирде оқ атуды;
- 7) атыс қаруы макетін құрастыру-бөлшектеуді;
- 8) дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетуді және шартты түрде жараланған адамды тасымалдауды;
- 9) жеке радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау құралдарын практикада қолдануды;
- 10) азаматтық және аумақтық қорғаныс негіздерін, төтенше жағдайлар кезінде және соғыс жағдайындағы іс-қимылдарды практикалық меңгеруді;
- 11) оқ ату, тактикалық, саптық, дене шынықтыру және әскери-медициналық дайындық бойынша байқауды және қорытынды сынақты қамтиды.

43. ДОС жасөспірімдермен:

- 1) қажетті оқу-материалдық базасы (тир, алаң, сақшының міндеттерін зерделеуге арналған қалашық) бар білім беру ұйымы;
- 2) бөлім қолбасшылығымен келісу бойынша ҚР ҚК, ҚР басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери бөлімінің базасында өткізіледі.

44. Әскери бөлім базасындағы ДОС білім алушылардың әскери бөлімнің жабық аумағында шатырлы немесе казармалық лагерьде тұруын көздейді.

45. Әскери бөлімнің базасында ДОС өткізу мүмкін болмаған жағдайда оны қауіпсіздік, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және практикалық сабақ мазмұны бойынша барлық нормативтік талаптарды міндетті түрде орындай отырып, білім беру ұйымының аумағында өткізуге рұқсат етіледі.

46. ДОС кезінде жеке құрамның бар-жоғын тексеру, таңертеңгі дене шынықтыру, практикалық сабақ пен сынақтар, қорытынды шығару, әскери-патриоттық іс-шаралар ескеріліп, күн тәртібі сақталады.

47. ДОС өткізу кезінде ҚР ҚМ 2015 жылғы 18 маусымдағы № 353 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11844 болып тіркелген) Бейбіт уақытқа арналған ҚР ҚК азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтау нормаларының талаптарына сәйкес "Жалпы әскери азық үлесі" деген № 1 норма

бойынша ЖАО бөлген қаражат есебінен білім алушыларды күніне үш рет тамақтандыру ұйымдастырылады.

48. Қауіпсіздік, медициналық сүйемелдеу және тәртіпті бақылау БӘД педагогтерінің, медициналық персоналдың және қабылдаушы әскери бөлімнің (бар болса) командалық құрамының бірлескен күшімен қамтамасыз етіледі.

49. ДОС-тан өту нәтижесі үлгерім журналында тіркеледі, қорытынды нормативтер тапсырылады. Нәтиже туралы ақпарат БӘД пәні бойынша жалпы бағаға қосылады.

50. ДОС-қа ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен қауіпсіздік техникасы бойынша алдын ала нұсқау беруден және медициналық тексеруден (қажет болса) өткен білім алушылар жіберіледі.

51. ДОС нәтижесі бойынша БӘД педагогі мен білім беру ұйымының басшысы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп дайындайды, ол білім беру ұйымында кемінде 3 жыл сақталады, ДОС аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде есеп ЖӘБО-ға жіберіледі.

52. БӘД бойынша жарыс (бұдан әрі – жарыс) жыл сайын орта мектеп пен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы оқушылары арасында өткізіледі. Білім беру ұйымы, ЖАО, ЖӘБО БӘД бойынша жарысты ұйымдастырушылар болып табылады.

53. Жарыс мынадай үш кезеңде өткізіледі:

- 1) бірінші кезең – білім беру ұйымында (30 қаңтарға дейін);
- 2) екінші кезең – аудандық/қалалық (ақпан айының соңына дейін);
- 3) үшінші кезең – облыстық (30 сәуірге дейін).

54. Жарыстың негізгі түрлері:

- 1) әскери-қолданбалы бағыт:

АК-74 бөлшектеу/құрастыру;

пневматикалық қарудан немесе лазерлік тирде ату;

граната лақтыру;

керек-жарақпен бірге марш-бросок;

жеке қорғаныс құралдарын кию (ЖҚЖ, газтұмша);

тактикалық өзара іс-қимыл бойынша командалық жарыс;

- 2) әскери-спорттық бағыт:

әскерилендірілген эстафета (дуатлон, триатлон);

кедергілер жолағын еңсеру;

жергілікті жерді картамен және компаспен бағдарлау.

55. Жарысты ұйымдастырушылар жаттығу тізбесі мен орындалуы тәртібін айқындайды.

56. Жарыстың әрбір кезеңі үшін құрамы мен өкілеттіктерін ЖӘБО-мен келісу бойынша аумақтық білім басқармасы (бөлімі) бекітетін ұйымдастыру комитеті құрылады.

57. Аумақтық ұйымдастыру комитеті:

- 1) жарыс регламентін, бағалау өлшемшартын, бірінші-үшінші кезеңдерге арналған тапсырмалар тізбесін әзірлейді;
- 2) командалардың құрамын және олардың басшыларын бекітеді;
- 3) жарыстың бірінші-үшінші кезеңіндегі төрешілердің (қазылар алқасының) құрамы мен функцияларын бекітеді;
- 4) жарыстың бірінші-үшінші кезеңінің қорытындысын және талдамалық материалдарды жариялауды ұйымдастырады;
- 5) жарыс жеңімпаздарын марапаттауды ұйымдастырады.

58. Жарысқа қатысушылар командасының жетекшісі жарыстың барлық кезеңінде, жол бойында қатысушылардың қауіпсіздігіне жауап береді.

59. Жарыстың барлық кезеңінде төрешілердің (қазылар алқасының) құрамына: төраға, хатшы және тақ санда мүшелер кіреді.

60. Бірінші-үшінші кезеңдердің төрешілері (қазылар алқасы) нәтижені бекітеді, тиісті хаттаманы ресімдейді.

61. Марапаттау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: аудандық, қалалық және облыстық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Жеңімпаздарды (жүлдегерлерді) дайындаған БӨД педагогтері грамотамен, дипломмен, медальмен және сыйлықтармен марапатталады.

3-тарау. Бастапқы әскери, әскерге шақыруға дейінгі және әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты жүзеге асыратын азаматтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және жүргізу

62. Бастапқы әскери, әскерге шақыруға дейінгі және әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты жүзеге асыратын азаматтардың біліктілігін арттыру әскери оқу орнының базасында және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы әскери кафедрасында (әскери факультетінде) (бұдан әрі – ЖӨОО мен ӘК), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдарда (бұдан әрі – Оқыту орталығы) осы Қағидаларға сәйкес әскери даярлық үшін интерактивтік сабақ жинақталымы бар үш өлшемді симулятормен бағдарламалық қамтамасыз етуде (бұдан әрі – әскери даярлыққа арналған БҚ) жүргізіледі.

63. Бастапқы әскери, әскерге шақыруға дейінгі және әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты жүзеге асыратын азаматтардың біліктілігін арттыру 3 жылда 1 рет өткізіледі.

64. Оқыту орталығы ЖӨОО-мен және ӘК-мен бірлесіп, жыл сайын 1 тамызға дейін білім беру ұйымының (оның ішінде қосымша білім беру) өтінімі негізінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу жылына арналған біліктілікті арттыру кестесін жасайды, онда біліктілікті арттырудың түрлері, біліктілікті арттыру

кезеңі, мерзімі, орны және нысаны көрсетіледі. Оқу жылына арналған біліктілікті арттыруды өткізу кестесін Оқыту орталығының басшысы бекітеді.

65. Тыңдаушылар тобын біліктілікті арттыруға арналған шарт негізінде Оқыту орталығы құрады және курсты ұйымдастыру үшін біліктілікті арттыру басталғанға дейін 2 апта бұрын топтың тізімі ЖӘОО мен ӘК-ге жіберіледі. Оқыту орталығы топтың тізімдік құрамын біліктілікті арттыру басталғанға дейін әскери даярлыққа арналған БҚ-да тіркейді.

66. ЖӘОО мен ӘК кесте мен тыңдаушылар тізімі негізінде сабақ кестесін жасайды, оны ЖӘОО немесе ӘК басшысы біліктілікті арттыру басталғанға дейін 5 жұмыс күні бұрын бекітеді және ол әскери даярлыққа арналған БҚ-да орналастырылады.

67. Оқыту орталығы біліктілікті арттырудың білім бағдарламасы негізінде оқу материалын әзірлейді. Оқу материалын жаңартуды қажет болғанда Оқыту орталығы жүзеге асырады, бірақ 5 жылда бір реттен сиретпей.

68. Біліктілікті арттыру аяқталғаннан кейін әскери даярлыққа арналған БҚ-да онлайн тестілеу нысанында қорытынды бағалау жүргізіледі. Тест сұрақтары базасын Оқыту орталығы жасайды және оны ҚР ҚМ әскери білім мәселесіне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесі бекітеді.

69. Біліктілікті арттыруды сәтті меңгерген және алынған ең жоғары балдың кемінде 70 % көлемінде қорытынды тестілеуден өткен тыңдаушыларға әскери даярлыққа арналған БҚ-да осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификат жасалады, ол тыңдаушыларға салтанатты түрде табыс етіледі. Сертификат ала алмаған тыңдаушыларға оқу аяқталған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде біліктілікті арттыру білімін қайта бағалау мүмкіндігі беріледі.

70. Оқыту орталығы, ЖӘОО мен ӘК біліктілікті арттыруды талдайды, ол есепте көрсетіледі. Есеп жыл сайын 15 шілдеге дейін электрондық нысанда ҚР ҚМ әскери білім мәселесіне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесіне беріледі.

71. Біліктілікті арттырудың білім бағдарламасын іске асыратын, бастапқы әскери, әскерге шақыруға дейінгі және әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты жүзеге асыратын Оқыту орталығы, ЖӘОО мен ӘК бір күнтізбелік жыл ішінде алған білімін практикада сапалы іске асыру үшін біліктілікті арттырудан өткен педагогтің ісін курстан кейін қолдауды жүзеге асырады. Курстан кейінгі қолдаудың мақсаты – алынған білімнің білім беру практикасына тиімді енгізілуін қамтамасыз ету, педагогтік іске әдістемелік қолдау көрсету және мониторингтеу. Педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау нысаны:

тыңдаушыларға педагогикалық істе әдістемелік, консультациялық көмек көрсетуді;

педагогикалық істің нәтижесін дайындауда консультациялық көмек көрсетуді қамтиды.

4-тарау. Педагогикалық қайта даярлауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

72. ҚР ҚМ әскери қызметтен шығарылған адамдарды әлеуметтік бейімдеу мақсатында білім, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша педагогикалық қайта даярлаудың білім бағдарламасын әзірлейді және бекітеді.

73. Әскери оқу орнында өтеусіз негізде педагогикалық қайта даярлаудан офицерлер, аға немесе жоғары сержанттар құрамдары лауазымдарында әскери қызмет өткерген, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім және кемінде он жыл сіңірген еңбегі бар, әскери қызметтен шығарылатын немесе шығарылған (әскери қызметке қайта кіру құқығынсыз теріс себептермен шығарылған адамдарды қоспағанда), адамдар өтуге құқылы.

74. ҚР ҚК-ден шығарылатын адамдардың педагогикалық қайта даярлаудан өтуі тәртібі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 834 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29856 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен шығарылатын адамдарды әлеуметтік бейімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

75. ЖӘБО әскери қызметтен шығарылған адамдардан өтініш қабылдайды, олардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады. Қорғаныс істері департаменті әлеуметтік бейімдеуге жататын адамдарды жалпы жинап, тізім жасайды және тоқсан сайын ҚР ҚМ ҚР ҚК-де тәрбие, әлеуметтік-құқықтық, психологиялық және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру мәселесіне жетекшілік ететін уәкілетті құрылымдық бөлімшесіне ұсынады.

76. Педагогикалық қайта даярлауға жататын адамдардың қорытынды тізімін ҚР Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары бекітеді және педагогикалық қайта даярлауды өткізу күні мен уақыты көрсетіліп, ҚР ҚМ ресми сайтында жарияланады.

77. Әскери қызметтен шығарылған және педагогикалық қайта даярлаудан өтуге ниет білдірген адамдар ЖӘБО бастығының атына өтініш береді. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі (түпнұсқасы салыстырып тексеру үшін);

2) әскери билеттің көшірмесі (түпнұсқасы салыстырып тексеру үшін);

3) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі (түпнұсқасы салыстырып тексеру үшін).

ҚР ҚМ ресми сайтында жарияланған педагогикалық қайта даярлауға жататын адамдардың тізімі негізінде кандидаттар өздігінен онлайн режимде педагогикалық қайта даярлаудан өтеді.

78. Педагогикалық қайта даярлауды ҚР ҚМ әскери білім мәселесіне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесі бекітілген тізім негізінде жартыжылда бір реттен сиретпей ұйымдастырады.

79. Оқу ҚР ҚМ әскери білім мәселесіне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесі бекіткен кестеге сәйкес онлайн-платформада қашықтан өткізіледі.

80. БӘД бейіні бойынша педагогикалық қайта даярлаудың білім бағдарламасын білім, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әзірлейді және бекітеді.

81. Педагогикалық қайта даярлаудың білім бағдарламасын меңгерген және қорытынды аттестаттауды сәтті тапсырған адамдарға 3 жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес ҚР орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында БӘД оқыту құқығын растайтын мерзімсіз сертификат беріледі.

Сертификатты жоғалтып алған жағдайда тыңдаушы оның телнұсқасын беру үшін Оқыту орталығына жүгінеді.

Бастапқы әскери
дайындық қағидаларына
1-қосымша

Бастапқы әскери даярлық сыныбының көрнекі үгіт-насихаты мен жабдығының ең аз тізбесі

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Суреттер: Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы, елтаңбасы, әнұраны, Қарулы Күштерінің эмблемасы	жиынтық	1
2	Әскери ант мәтіні	жиынтық	1
3	Әскери қызметшінің құқықтары мен міндеттері	жиынтық	1
4	Қарулы Күштердің құрылымы туралы ақпарат	жиынтық	1
5	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысының портреті	жиынтық	1
6	Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызмет міндетін атқарған кездегі кепілдіктер	жиынтық	1
	Ақпаратты бейнелейтін мультимедиялық құралдар (интерактивті		

7	тақта, мультимедиялық проектор, мультимедиялық экран және т.б.)	жиынтық	1
8	Лазерлік тир	дана	1
9	Атыс қаруының макеті (КА-74, МП)	дана	1
10	Жаппай қырып-жою қаруынан жеке қорғану құралдары	жиынтық	1

Бастапқы әскери дайындық
қағидаларына
2-қосымша

БӘД педагогі киюге арналған әскери киім нысаны шевронының ортақ түрі (сол жақ жеңіне)



(далалық киім нысаны) (күнделікті киім нысаны)

Бастапқы әскери
дайындық қағидаларына
3-қосымша

БӘД педагогі киюге арналған әскери киім нысанының кеуде жапсырмасының ортақ түрі



Мемлекеттік ту (күнделікті киімнің сол жақ кеудесіне тағылады)



Әскери даярлық белгісі (далалық киімнің оң жақ кеудесіне тағылады)

Бастапқы әскери
дайындық қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Бастапқы әскери даярлықтың (БӘД) жай-күйі туралы жиынтық ақпарат (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың)

1. Жалпы ақпарат

Әскери басқару органының атауы:

Есептілік кезеңі: (тоқсан/жыл көрсетілсін)

Жауапты орындаушы (АӘТ, лауазымы, байланыс жасау нөмірі):

2. Сандық көрсеткіш

№	Көрсеткіштің атауы	Саны	Ескертпе
1	БӘД курсына іске асыратын мектептің жалпы саны		
2	БӘД оқытушыларының жалпы саны		
3	Біліктілігін арттырудан өткен БӘД оқытушыларының саны (есептілік кезеңінде)		
4	БӘД оқытушыларымен өткізілген оқу-әдістемелік сабақ саны		
5	Білім беру ұйымына жүргізілген тексеру саны		
6	ДОС-қа қатысқан білім алушылар саны		

7	БӨД бойынша жарыс саны		
8	Әскери оқу орнына оқуға түсуге ұсынылған бозбалалар саны		

3. Оқу-материалдық базаның жай-күйін бағалау

№	Параметр	Бағасы	Ескертпе
1	Жабдықталған БӨД кабинетінің болуы		
2	Саптық даярлыққа арналған алаңның немесе шағын алаңның болуы		
3	Қарудың (КА-74 және т.б.) оқу-жаттығу макетінің болуы		
4	Лазерлік тирдің немесе ату алаңының болуы		
5	3D-симуляторын пайдалану/бағдарламалық қамтамасыз ету		

4. Әскери-патриоттық тәрбие іс-шараларын өткізу

Негізгі іс-шаралар тізбесі (атауы, күні, қатысушылар саны):

5. Білім беру ұйымымен өзара іс-қимыл

Білім басқармасымен бірлескен іс-шаралар саны: _____

Өзара іс-қимыл жасау барысында анықталған проблемалық мәселелер: _____

БӘД ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсыныс: _____

6. БӘД оқытушылары туралы ақпарат

№	Оқытушының ТАӘ	Білім беру ұйымы	Біліктілікті арттыру	ДОС-қа даярлық	Оқу-әдістемелік жұмысқа қатысу
1					
2					
...					

7. Қорытынды және ұсыныстар

Өңірдегі БӘД деңгейінің жалпы бағасы: _____

Негізгі жетістік: _____

Негізгі проблема: _____

Қорғаныс министрлігіне/жергілікті атқарушы органға ұсыныс: _____

Жауапты адамның қолы:
(ТАӘ, лауазымы, күні)

Бастапқы әскери дайындық
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

ДОС өткізу нәтижесі бойынша есеп беру (білім беру ұйымында кемінде 3 жыл сақталады)

1. Жалпы ақпарат

Білім беру ұйымының атауы:

Өңір/елді мекен:

Білім алушының сыныбы/жасы:

ДОС-қа қатысқандар саны:

ДОС-ты өткізу мерзімі: 20__ ж. " __ " _____ бастап 20__ ж. " __ " _____ дейін

ДОС өткізілген жер:

ДОС-ты ұйымдастыруға жауапты адам (АӘТ, лауазымы):

ДОС өткізу нысаны: шатырлық жиын/ұйым базасында/аралас нысан

Медициналық және азық-түлікпен қамтамасыз етудің болуы: иә/жоқ

2. Өткізілген іс-шаралар тізбесі

№	ДОС кезеңі	Өткізу нысаны	Қатысушылар саны	Сәтті аяқтады (%)	Ескертпе
1	Лагерьді қалашықты) өрістету	(практикалық сабақ			
2	Тактикалық кедергі	практикалық сабақ			
3	Әскери-қолданбалы бағыт нормативі, қоян-қолтық ұрыс элементтері	тест / практика			
4	Саптық даярлық, бөлімшелерді орналастыру	командалық сабақ			
5	Сақшының міндеттері	рөлдік жаттығу			
6	Оқ ату пневматика/лазерлік тир)	(практикалық сабақ			
7	Калашников автоматын (макет) құрастыру-бөлшектеу	(жеке тапсырма			
8	"Жараланғанға" дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету және эвакуациялау	практика			
9	РХБ қорғау құралдарын қолдану	практикалық сабақ			
10	АҚ негіздері, ТЖ/СЖ іс-қимылы	теориялық-практикалық			
11	Марш-бросок жағдай болса)	(топтық тапсырма			
12	Байқау және қорытынды сынақ (бөлімдер бойынша)	кешенді сынақ			

3. Қорытынды сынақ қорытындысы (бағыттар бойынша баға)

--	--	--	--	--	--

Даярлық бағыты	Орташа балл/% орындау	Ескертпе
Оқ ату даярлығы		
Тактикалық даярлық		
Саптық даярлық		
Дене шынықтыру дайындығы		
Әскери-медициналық даярлық		
Азаматтық және аумақтық қорғаныс пен ТЖ		
ТЖ-да қорғау		

4. Қатысушылар (жиынтық кесте)

№	АӘТ	Сыныбы	Қатысуы	Қорытынды сынақ тапсырды	Ескертпе
1					
2					
...					

5. Қамтамасыз ету мен өткізу шарты

Көрсеткіш	Болуы	Ескертпе
Медициналық сүйемелдеу		
Қатысушылардың тамақтануы		
Баратын жерге дейін жеткізу		
Жабдық пен құрал-сайман		
РХБҚ құралдары		
Далалық керек-жарақ (шатыр)		
БҚ-ға қосылу (егер қолданылса)		

6. Жалпы баға және ұсыныстар

ДОС-ты сәтті аяқтағандардың жалпы саны: _____ адам

ДОС өткізу кезінде анықталған проблемалар/қиындықтар: _____

ДОС ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсыныс: _____

Білім беру ұйымының басшысы

Қолы: _____/АӘТ/

Күні: 20____ ж. "____" _____

БӘД педагогі

Қолы: _____/АӘТ/
Күні: 20____ ж. " ____ " _____

Бастапқы әскери дайындық
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

20____жылға арналған біліктілікті арттыру кестесі

Р/с №	Түрі	Кезеңі	Мерзімі	Өткізу орны	Өткізу нысаны	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Бастапқы әскери
дайындық қағидаларына
7-қосымша

Нысан
Ұйымның Ұйымның
ресми логотипі
атауы

СЕРТИФИКАТ

(аты, әкесінің аты (болса), тегі)
_____ академиялық сағат көлемінде _____ тақырыбы
(курстың тақырыбы)
бойынша біліктілікті арттырудан өткенін растайды.
Ұйым басшысы

(аты, әкесінің аты (болса), тегі) (қолы) мөр орны
Тіркеу нөмірі № _____
Берілген күні: 20 __ жылғы " ____ " _____
Нысан
Ұйымның Ұйымның
ресми логотипі
атауы

Сертификатқа қосымша

(аты, әкесінің аты (болса), тегі)

біліктілікті арттырудан өту кезінде мынадай модуль бойынша тиісті білімі мен дағдысын көрсетті:

№	Бағдарлама модулінің атауы	Сағат саны	Бағасы
---	----------------------------	------------	--------

Ұйым басшысы _____

_____ (аты, әкесінің аты (болса), тегі) (қолы) мөр орны

Тіркеу нөмірі № _____

Берілген күні: 20__ жылғы "____" _____

Бастапқы әскери
дайындық қағидаларына
8-қосымша

Нысан

Сертификат

20__ жылғы "____" _____ бастап 20__ жылғы "____" _____ дейін

_____ (әскери оқу орнының атауы)

_____ академиялық кредиті көлемінде "Бастапқы әскери даярлық" пәні педагогінің кәсіби біліктілігі мен шеберлігін дамыту" педагогикалық қайта даярлау білім бағдарламасы бойынша педагогикалық қайта даярлау курсынан өткен _____

_____ берілді.

_____ (аты, әкесінің аты (болса), тегі)

Бастық _____

_____ (аты, әкесінің аты (болса), тегі) (қолы))

Берілген күні 20__ жылғы "____" _____

Тіркеу нөмірі: 20__ жылғы "____" _____ № _____